

"Сыртқы сауда қызметін реттеудің кедендік-тарифтік, тарифтік емес, сауда және өтемақы шараларын қолдану, өзгерту немесе олардың күшін жою туралы ұсыныстарды қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2019 жылғы 21 тамыздағы № 21 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің м.а. 2023 жылғы 12 қыркүйектегі № 342-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2023 жылғы 15 қыркүйекте № 33418 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Сыртқы сауда қызметін реттеудің кедендік-тарифтік, тарифтік емес, сауда және өтемақы шараларын қолдану, өзгерту немесе олардың күшін жою туралы ұсыныстарды қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2019 жылғы 21 тамыздағы № 21 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19288 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сыртқы сауда қызметін реттеудің кедендік-тарифтік, тарифтік емес, сауда және өтемақы шараларын қолдану, өзгерту немесе олардың күшін жою туралы ұсыныстарды қарау қағидаларында:

12-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Егер кедендік-тарифтік шараларды қолдану жөніндегі ұсыныс ЕЭК-тан келіп түссе, оның ішінде ЕАӘО мүше мемлекеттердің ұсыныстары, уәкілетті орган оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 4 қазандағы № 703 қаулысымен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа қатысу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұстанымын қалыптастыру, сондай-ақ орталық атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Еуразиялық экономикалық комиссиямен өзара іс-қимылы қағидаларына сәйкес (бұдан әрі – Өзара іс-қимыл қағидалары) тиісті мемлекеттік органдармен және басқа ұйымдармен келісуді қамтамасыз етеді.".

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сыртқы сауда қызметі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрінің
міндетін атқарушы*

K. Торебаев

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Каржы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК